

ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛЫШЫСЫ!

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№79 [2587] 16/10/2020

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

railnews.kz

Подписывайтесь на telegram-канал АО «НК «ҚТЖ» – @railways.kz / «ҚТЖ» ҰК» АҚ – @railways.kz telegram-каналына жазылыңыз

ЦИТАТА ДНЯ

Алексей ГРОМ,
ГЕНЕРАЛЬНЫЙ ДИРЕКТОР
АО «ОТЛК ЕРА»:

100% ГРУЗОВ
ОТЛК ЕРА СЕГОДНЯ
ПРОХОДЯТ
ЧЕРЕЗ КАЗАХСТАН, И
ВСЕ МАРШРУТЫ СЛЕДУЮТ
С УЧАСТИЕМ
ИНФРАСТРУКТУРЫ АО
«НК «ҚТЖ». БЛАГОДАРЯ
ПОСТОЯННОЙ ПОДДЕРЖКЕ
И АКТИВНОЙ РОЛИ НАШИХ
АКЦИОНЕРОВ ЗА ПОСЛЕДНИЕ
5 ЛЕТ МЫ СУЩЕСТВЕННО
ИЗМЕНИЛИ ТЕХНОЛОГИЧЕСКИЕ
ПАРАМЕТРЫ КОНТЕЙНЕРНЫХ
ТРАНЗИТНЫХ ПЕРЕВОЗОК.
СЕГОДНЯ МЫ ВОЗИМ В 10 РАЗ
БОЛЬШЕ, ЧЕМ БЫЛО
ПЕРЕВЕЗЕНО ЗА ВЕСЬ
2015 ГОД

ПЕРЕВОЗКИ

ГРУЗЫ ПО РАСПИСАНИЮ

За 9 месяцев текущего года между портами на Каспийском море перевалено более 1,6 миллиона тонн грузов.

С начала года перевалка грузов через морские порты Актау и Курык – на уровне аналогичного периода прошлого года. Рост отмечается по объемам перевалки грузовых автотранспортных средств и контейнеров.

Отечественным торговым флотом за отчетный период перевезено более 1,6 миллиона тонн грузов между портами на Каспийском море. В том числе десятком кругорейсов совершено по регулярному фидерному сообщению Актау – Баку. С начала года перевезено порядка 9,8 тысячи контейнеров. Интерес к данному сервису проявляют и казахстанские компании в части экспорта зерновых культур. Потенциальные объемы перевозки велики. В этом определенную роль играет и соответствующая инфраструктура, необходимая для обработки практически любых видов грузов.

Также сохраняется положительная динамика в перевозке грузов по внутренним водным путям. За отчетный период объем перевалки составил порядка 1,4 миллиона тонн, из которых порядка 209 тысяч тонн составили перевозки в направлении России.

Сегодня в морских портах страны делается все, чтобы они могли достойно конкурировать с другими каспийскими портами. Освоение новой номенклатуры грузов, упрощение процедур оформления – все это позволит Казахстану стать надежным звеном мультимодальных логистических цепочек.

Айлин БАУРЖАН

БЕЗОПАСНОСТЬ

ПОД ЗАЩИТОЙ СМАРТФОНА

Прорывной проект, не имеющий аналогов в портфельных компаниях АО «Самрук-Қазына», внедрен в АО «НК «ҚТЖ». Железнодорожники уверены, что случаи травматизма на производстве можно свести к нулю. Для этого в компании уже на протяжении нескольких лет под руководством главного инженера Батыра Котырева ведется непрерывная, кропотливая работа.

Асель ШАЙХЫНОВА

Один из результатов – с марта текущего года профилактике нарушений помогает мобильное приложение. Так, национальный перевозчик реализует проект «Интегрированная система производственной безопасности (ИС ПБ)», частью которого являются поведенческие диалоги безопасности, направленные на предупреждение несчастных случаев и травматизма на производстве.

На сегодня в мобильном приложении зарегистрировано более 106 тысяч работников магистрали, что от общей численности составляет 94,8%. Эта цифра растет каждый день. Важно, что любой сотрудник компании на всех уровнях может с помощью смартфона передать в автоматизированную систему сообщение о нарушении норм производственной безопасности. Но, прежде чем работники магистрали получили такую возможность, было проделано немало.

Еще с 2015 года велась работа по объединению управления безопасности труда и движения. Применялись разные методы, в том числе модель управления производственной безопасностью SAP EHSM. В январе 2019 года компания присоединилась к концепции Vision Zero – «Нулевой травматизм» Международной ассоциации социального обеспечения. Следуя по пути Vision Zero, постоянно совершенствуясь, проектная команда компании смогла оптимизировать проект,

сократить временные рамки и прийти к внедрению данного прорывного новшества.

Теперь все виды происшествий (несчастный случай, происшествие, оказывающие негативное воздействие на окружающую среду, происшествия без последствий (Near-Miss), профессиональные заболевания, ухудшение состояния здоровья) можно предотвратить одним кликом в приложении смартфона.

– В ҚТЖ трудятся более 120 тысяч сотрудников в 572 филиалах и предприятиях. Для оперативного реагирования на любые признаки нарушений разработана данная программа. В целом, в течение последних 7 лет травматизм в компании снижается в среднем на 1,5% в год, однако этого недостаточно, поэтому акцент смещен на профилактику, а не на устранение последствий. Самое главное, что мы теперь имеем возможность получать обратную связь с сотрудниками. Кроме того, железнодорожники получают поощрение от компании за внимательность и предупреждение опасности. На сегодняшний день награждены 180 работников компании, – говорит Батыр Котырев.

К примеру, только на сегодня использование мобильного приложения «Производственная безопасность» помогло выявить свыше 4 600 нарушений, а в 208 случаях применено право на остановку небезопасных работ. При этом функционал приложения постоянно совершенствуется. С сентября запущены информационные бюллетени и молнии, сообщающие о происшествиях. Их главная задача – информировать работников о реализовавшихся рисках и предотвратить аналогичные происшествия, то есть учиться на чужих ошибках. Основываясь на информационных уведомлениях, руководители подразделений проводят в коллективах минутки безопасности и говорят о рисках.

(Окончание на 3 стр.)

АКТУАЛЬНО



ТВЕРДОЕ ТОПЛИВО – СВОЕВРЕМЕННО

АО «НК «ҚТЖ» обеспечивает качественную и своевременную перевозку социально значимых грузов. Так, погрузка за 9 месяцев текущего года составила 73,1 миллиона тонн, или 99% к плану.

Алуа ТЛЕУБАЕВА

По словам специалистов, нормы запаса угля по теплоэлектростанции страны выше на 1,5 раза норм, установленных Министерством энергетики РК. Полное обеспечение перевозок угля и сохранение энергетической стабильности республики планируется за счет проведения оперативных мероприятий по эффективному использованию полувагонов, путем уменьшения простоев под грузовыми операциями и сокращения оборота вагонов.

Так, по итогам 9 месяцев 2020 годов по

погрузке угля выполнение к плану составило 99%, к уровню прошлого года – 99,4%. Во внутривнутриреспубликанском сообщении погрузено 52,58 миллиона тонн, к плану – 102%, к уровню прошлого года – 100,7%. В том числе для теплоэлектростанции страны – 46,5 миллиона тонн, выполнение к плану на 101,9%, к прошлому году – 100,3%; для коммунально-бытовых нужд Казахстана перевезено 6 миллионов тонн угля, выполнение к плану – на 103,8%, к прошлому году – 104,3%.

– По итогам пяти месяцев 2020 года отопительного периода (май-сентябрь) погрузка угля

составила 38,4 миллиона тонн, выполнение к плану – 99%, к уровню прошлого года – 98%. Во внутривнутриреспубликанском сообщении – 26,78 миллиона тонн, к плану – 111%, к уровню прошлого года – 98%. В том числе для теплоэлектростанции страны – 22,75 миллиона тонн, выполнение к плану на 111%, к прошлому году – 98%; для коммунально-бытовых нужд Казахстана перевезено 4 миллиона тонн угля, выполнено к плану на 111%, к прошлому году – 102%, – отметил исполнительный директор ТОО «ҚТЖ – Грузовые перевозки» Нуржан Кельбуганов.

Специалисты также отмечают, что в настоящее время на территории Казахстана в среднем в сутки дислоцируется более 60 тысяч полувагонов. Парк полувагонов отечественных собственников – более 49 тысяч, из них рабочий парк собственности АО «Қазтеміртранс» составляет 24 тысячи единиц. В перевозке угля задействованы порядка 32 тысяч полувагонов.

Фото Александра ЖАБЧУКА

ҚАУІПСІЗДІК

COVID-19: ЕКІНШІ ТОЛҚЫНҒА ДАЙЫНБЫЗ БА?

Әлемді шарпыған коронавирус індеті адамзат баласын тазалыққа, тәртіпке үйретті. Бұрынғыдай емес, әр мемлекет шекарасын қымтап, басқа елдермен байланысын қысқарта бастады. Себебі, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы індеттің екінші толқынына дайындықты күшейтіп, сақтық шараларын қолға алуды пысықтауда.

Жігер ӘШІМ,

Алматы

Біз Алматы қаласын республиканың түкпір-түкпірмен байланыстырып тұрған екі темір-жол вокзалының індеттің екінші толқынына дайындығын көріп қайттық. Алматы-2 вокзалында әншейінде ың-жың, азан-қазан болып жататын жолаушы нөпірі жоқ. Вокзалдың сырты да, іші де жым-жырт. Бірен-саран жолаушы ғана билет алып, пойыз күтіп отыр. Бүгінде халық та бұрынғыдай емес, аса қажетті шаруа болмаса, мейлінше үйден шықпауға үйренгені байқалады.

Ал Алматы-2 вокзалы сақтық шараларын екі есе күшейтті. Кіреберіске «Бетпердесіз кіруге болмайды!» деген үлкен плакат ілінген. Онда ҚР ӘҚБҚО-нің 425-бабына сәйкес, талапты бұзғаны үшін жеке тұлғаларға – 30 АЕК (83340 теңге), заңды тұлғаларға – 230-дан 1600 АЕК (638 940-4 444 800 теңге) айыппұл төлейтіні тайға таңба басқандай жазулы тұр. Бұдан бөлек арақашықтық сақтауды қатаң ескерткен.

Вокзалдың маңдайшасына санитарлық карантиндік талаптарға орай жолаушылардың вокзалдағы жүру ережесі де ілінген. «Үйден жолға шықпаса бұрын температураңызды

өлшеңіз. Егер қызуыңыз көтерілсе, тәуекелге бармай, үйде қалғаныңыз жөн. Билет құны жолаушылар тасымалдау ережесіне сәйкес қайтарылады. Сондай-ақ, вокзал ғимаратына маскасыз ешкім кірмейді және бір метр арақашықтық қатаң сақталуы тиіс» делінген. Алыс сапарға шыққан жолаушы осы жаднамаға көз жүгіртіп шықса, артықтық етпесі анық. Кіреберісте жолаушылардың қызуын тексеріп өткізіп жатыр. Санитайзер вокзал кіреберісіне де, ішіне де орнатылған. Одан бөлек арақашықтық сақтау үшін еденде арнайы белгілер көрсетілген. Құту залындағы орындықтар да сондай. Жолаушының бір-біріне жақын отырмауы, билет алар кезде қашықтық сақтауы қамтамасыз етілген.

Алматы-1 теміржол вокзалында да тура осы көрініс. Мұнда жолаушылардың қарасы көптеу көрінді. Бірақ бәрі де сақтық шараларын қатаң ұстануға дағдыланып қалғаны қуантты. «Қазір вокзалдың кіреберісіне антисептик кілемшесі қойылды. Вокзал ғимаратына бетпердесіз адамның кіруіне қатаң тыйым салынған. Сондай-ақ, дезинфекция шарасын да қатаң жүргізу жолға қойылды. Әр 2 сағаттан кейін еден жуылады, есік тұтқалары антисептиппен сүртіледі. Вокзалдың тазалығына, дезинфек-



ция жүргізу жұмысына арнайы фирма жауапты. Біз олармен келісім-шарт жасалдық. Олар бұл жұмысты ойдағыдай атқарып келеді. Тағы бір айта кетерлігі, бүгінде жолаушылар саны да екі есе азайған. Бір сөзбен айтқанда, Алматы қаласының тоғыз жол торабын байланыстырып тұрған екі теміржол вокзалы қала бас санитар дәрігері Ж.Бекшиннің талабы мен нұсқауын орындап отыр» деп жауап берді онтүстік астанадағы екі вокзал ғимаратының күтіміне жауапты «Алматыэлектротранс» ЖШС баспасөз қызметі.

Бұл індет ғасырда бір қайталануды екен. Осыдан жүз жыл бұрын әлем халқын тұрмау эпидемиясы қынадай қырғаны белгілі. Міне, сол 1918-19 жылдары АҚШ-та маска тақпаған адамдарды полиция ұстап шара қолданатын болған. Бұл талап пен тәртіп бізге де келді. Қазір әр адам өз өміріне, денсаулығына жауапты кезең. Сондықтан сақтық шарасының бір парасы – маска тағу әр адамның күнделікті өмір салтына айналуы ғажайып.

Суретті түсірген автор

АҚПАРАТ

ЖЫЛЖЫМАЛЫ ҚҰРАМ – ҚЫС МАУСЫМЫНДА

Жылдағы дәстүр бойынша локомотив пайдалану деполарында вагон шаруашылығы өкілдерінің қатысуымен қыс маусымында қалтқысыз қызмет етуі үшін жылжымалы құрамның автотежегіш жабдығын дайындауға қатысты конференция өтті.

Мұндай кездесулердің басты міндеті – қатал маусымда пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша мәселелерді талқылау, яғни табиғаттың қатал мінезді мезгілінің сынағанның сүрінбей өту. Конференция күзгі комиссиялық байқау шеңберінде өтуде, мақсаты – локомотивтердің техникалық, эстетикалық және өртке қарсы жағдайын, қала берді қыста жұмыс істеуге дайындығын тексеру.

Быыл коронавирус пандемиясына байланысты вагон және локомотив қызметкерлері үшін аса маңызды жиын онлайн форматта өтуде. Екі шаруашылықта да «алғашқы қыстаушы» жас машинистер мен вагондарға техникалық қызмет көрсету пункттерінің пойыз қараушыларына ерекше назар аударылды. Олардың әрқайсысы тәжірибелі маман жанына бөкітілген. Сонымен қатар төменгі температура кезінде автотежегіштерді басқару бойынша техникалық сабақтар және автотежегіш жабдықтарының істен шығуын анықтау және жою бойынша практикалық сабақтар өткізілуде. Жаңа қызметкерлерге арналған техникалық сабақтар жоспарына тартымдық жылжымалы құрамды дайындау және пайдалану, еңбек қорғау және қауіпсіздік техникасы бойынша тақырыптар енгізілген. Биыл оқыту барысында COVID-19 профилактикасына басымдық беріліп отыр. Қыс маусымында жұмыс істеуге өндірістік ғимараттар да дайындалуда, олардың қатарында әкімшілік-тұрмыстық кешендер, санитарлық-техникалық, пайдалану цехтарының ғимараттары және тағы басқалары бар. Локомотив деполарында электрожылжымалы құрамдағы байланыс сымна мұздың қатып қалуына қарсы жұмыс істейтін жабдықтар, яғни вибропантографтардың қызметі тексеріліп, сондай-ақ, қыста пайдалануға релсымайлаушылардың дайындығы бойынша жұмыстар жүргізілген.

Сұлғуыл БАКЕСОВА

КӨМІР ЖЕТКІЗІЛУДЕ

Қыс қыр астында тұр. Сондықтан барлық жерде көмір тасымалы белең алған. Жамбыл облысы бойынша көмір пайдаланатын тұрғындарға қатты отынды жеткізу жалғасып жатыр.

Жамбыл жұқ тасымалы бөлімшесі логистика қызметінің басшысы Бауыржан Ұстаевтың мәліметінше, қазіргі таңда қажетті көмірдің 70 пайызға жуығы қоймаларға түсірілген. «Биылғы жылға тұрғындардың тұтынуына қажетті 246,7 мың тонна көмірдің 177 мың тоннадан астамын жеткізіп үлгердік», – деді ол.

Жауапты маманның сөзіне қарағанда, аймақта көмірді ең көп тұтынатын Шу ауданының тұрғындары екен. Онда түсірілуі тиіс 55 мың тонна көмірдің бүгінге дейін 30 мың тоннаға жуығы жеткізілген. Ал Жамбыл, Т.Рысқұлов аудандары таскөмірмен толық қамтылыпты.

Биыл көмірдің бағасы бытырғыдан аса өзгере қоймаған. Станцияларға дейінгі келісім-шартқа сай баға бағамы 10400-16000 теңгенің аралығында сақталып тұр. Ал қоймадағы бағасы 11000 теңгеден басталып, 18000 теңгеге дейін көтеріледі екен.

Асхат РАЙҚҰЛ, Тараз

ЦИФРА НОМЕРА

22,5 МЛН ТОНН

ДОСТИГЛА ОБЩАЯ ПОГРУЗКА НА СЕТИ АО «НК «ҚТЖ» В СЕНТЯБРЕ 2020 ГОДА

КАДР САЯСАТЫ

ҚЫЗЫЛОРДАЛЫҚТАР КӨШІ БАСТАЛДЫ



Ұлттық компания шеңберіндегі трансформациялау жобасы аясында қолға алынған үлкен жоба – Ақтөбе пойыздар қозғалысын басқару орталығында өз қызметтерін жалғастыру үшін қызылордалық диспетчерлердің алғашқы легі аттанды.

Бөлімше аралық мамандардың ауыс-түйісі «ҚТЖ» ҰҚ» АҚ көлемінде жүзеге асырылып жатқандықтан Қызылордадан Ақтөбеге көш басын түзеген диспетчерлердің алғашқы тобы 18 қазанда Ақтөбедегі орталықта алғашқы жұмыс күнін бастайтын болады.

Жалпы жұмыс орнын АЦУП-қа ауыстыратын диспетчерлердің ұзын саны отыз шақты болса, олардың құрамында 23 пойыз диспетчері, 2 бөлімше кезекшісі мен 5 локомотив диспетчері бар. Бөлімше директоры Аманкелді Арысбаев аталған жағдайға қатысты арнайы жиында түсіндіру жұмыстары жасалды, әріптестерін шығарып салу рәсімінің соңында естелік суретке түсіп, жаңа орнында сәттілік тіледі.

– Әр аймақтағы бөлімше диспетчерлерінің бір орталыққа шоғырландырылуы ҚТЖ-ның тарихи жобасы болып отыр. Бұл – біздің бөлімше үшін де, осы үлкен жобаға атсалысуға аттанып бара жатқан әрқайсыңыз үшін де тарихи әрі маңызды оқиға. Жолаушы және жүк тасымалын басқару процесін автоматтандыру, сандық жүйе негізінде іс-қимыл жасау компанияның дамуына айтарлықтай әсер етеді. Нәтижесінде шығындарды барынша азайтып, табысты арттыруға мүмкіндік молайды деп күтілуде. Осыған орай компания бойынша алдын ала жоспарланып белгіленген кестеге сәйкес біздің 30 шақты диспетчеріміз Ақтөбе пойыздар қозғалысын басқару орталығына аттанғалы отыр. Диспетчерлердің қай-қайсысы болмасын кәсіби біліктілігі жоғары, компания басшылығы тапсырған жұмыстарды мұлтіксіз әрі жоғары жауапкершілікпен атқарады деп сенеміз. Бұл – өңір теміржолшылары тарапынан талай мәрте дәлелденген үрдіс. Сондықтан Ақтөбеге барып жұмыс жасайтын әріптестеріме жаңа жұмыс орнында абыройлы болып, жерлестерінің арққан сенімін ақтаңыздар дегім келеді. Сапарларыңыз сәтті, еңбектеріңіз табысты болсын, – деп ақжолтай тілегін білдірді диспетчерлерді шығарып салуға келген бөлімше директоры Аманкелді Арысбаев.

Батыс өңіріндегі диспетчерлік орталықтарды Ақтөбе қаласында біріктіріп шоғырландыру пилоттық жобасынан Ұлттық компания үлкен үміт күтіп отырғаны белгілі. Батыс өңірінен төрт бөлімшенің тәжірибелі диспетчерлерінен жиналған мамандар да осал емесі белгілі. Ақтөбеге осыған дейін Атырау, Маңғыстау мамандары көшіп барса, енді олардың қатарын қызылордалықтар толтыратын болады. Қазан айының 15-нен басталған өңір диспетчерлерінің көші айдың 24-не дейін жалғасып, енді әр топта 4-5 теміржолшыдан жасақталып жүргізіледі. Ең соңғы диспетчер Қызылордадан 24 қазанда аттанып, 28 қазанда орталықта жұмысқа кіретіні болады деп күтілуде. Диспетчерлердің жатын жайы, әлеуметтік, тұрмыстық жағдайы түгел қарастырылған.

Сабырхан СЕЙІПБЕКҰЛЫ, Қызылорда
Суретті түсірген автор

ЛОКОМОТИВ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

ЕРЕЙМЕНТАУ – АЙСАРЫ БАҒЫТЫ ҚОСЫЛДЫ

Екібастұз локомотив пайдалану депосы бұрын тек Екібастұз-Нұр-Сұлтан бағытында ғана қызмет етіп келсе, биыл жыл басынан бері депода жаңа Ерейментау-Айсары бағыты ашылды.



Суретті түсірген автор

Ұлан ОРАЗ

Бүгінгі таңда локомотив пайдалану депосында 784 адам еңбек етеді. Оның ішінде 315 машинист, 297 машинист көмекшісі бар. Депонның Ерейментауда бір ғана айналым депосы жұмыс істеуде. Паркте 78 локомотив бар, былтыр 63 локомотив болса, жаңа бағыттың ашылуына орай 15 локомотивпен толыққан. Оның төртеуі – ТЭ3А сериялы Evolution тепловоздары. Депо бастығы Әмір Такишевтің айтуынша, Күзгі комиссиялық тексеру кезінде локомотивтер қысқы уақытта жұмыс істеу режиміне көшірілді. Локомотив паркінің артуына қарамастан былжыл жоспардан тыс жөндеу азайып отыр екен. Быыл локомотивтерге 868 рет жоспардан тыс жөндеу жүргізіліпті, бұл

көрсеткіш былтыр 939 болған.

– Биыл барлығы 110 адам қызметке алынды. Соның ішінде 50 адам Ерейментау-Айсары бойынша жаңа телімге бөлінді. Бұл алғашқы қыстаушылар үшін оқыту мен тәжірибелік сабақтардың бөлек бағдарламасы жасалды. Олар бір мезгілде бес адамнан, қашықтық сақтай отырып, техникалық сабақтан өтуде. Ал басқа қызметкерлер сабаққа ЗУМ арқылы онлайн форматта қатысуда. Осы форматта 70 пайыз қызметкер сабаққа қатысты. Қалғандары барлық нормативтік техникалық құжаттамалар енгізілген электронды мәліметтер базасы арқылы оқудан өтуде. Олар оқытқан қызметкерден немесе инструктордан тапсырма алады, алдағы қысқа жұмысшылар 97 пайыз арнайы киім-

мен қамтамасыз етілді, – дейді депо бастығы.

Депонның қоршаған ортаны қорғау бойынша инженер-технологы Динара Мамырбекованың айтуынша, былжыл депода Тұрмыстық қатты қалдықтар үшін 14 жаңа контейнер, әкімшілік-тұрмыстық корпустың қоқыстың түрлеріне қарай жаңа пластикалық контейнерлер қойылған. Жалпы депода соңғы кезде ғимаратты жөндеу ерекше көңіл бөлінуде. Диодты заманауи шамдармен жаңартылып, локомотивтерге техникалық қызмет көрсету орындарында прожекторлар жаңасына алмастырылды. Бұрын ғимарат ішінде тамақ ішетін орында артық иісті соратын құрылғы болмағандықтан бөлмелерден тамақ иісі шығып тұратын. Енді асханадағы

кәсіпкерлермен келісімшарт жойылып, оның орнына инструкторлар үшін екі кабинет жасақталған.

Өндірістік қауіпсіздік жөніндегі жетекші маман Тамара Гимадиеваның айтуынша, соңғы бір жылда депода қысым арқылы гидравликалық сынақ жүргізіліп, құм құрғату шаруашылығының жабдықтарына, компрессорларға техникалық қызмет көрсетілді. Ал жөндеуді бақылау бөлімінің бастығы Әуезнұр Әліп бұрын тепловоздарға жөндеу тек Семей станциясында ғана жүргізіліп, сондықтан жөндеуге жіберу және әкелуге көп уақыт кететінін, ал таяу уақыттан бастап жөндеу жұмыстарын Ерейментау станциясында «ТМЗ Сервис Қазақстан» ЖШС жүргізетінін, бұл деподан локомотив жөнелту уақытын біршама қысқартып отырғанын жеткізді.

Бүгінде карантиндік шектеу шараларын сақтай отыра жұмыс жүргізетін депонның кіреберісінде маска режимінің қатаң сақталуы мен вирустың таралуына жол бермеу жөнінде ақпарат ілінген. Кіреберісте келген адамның бірден қызын өлшеп, журнальді тіркеп алады. Жартылай карантиндік режимде жұмыс істегеніне қарамастан депода өндірістік процесс толық сақталған. Депо бастығының өндіріс бойынша орынбасары Болат Сарыбай келесі жылы мекемедегі барлық қабырға стендтерін жаңарту жоспарланып отырғанын жеткізді.

КҮЗГІ СЫН

ӘР ТЕМІРЖОЛШЫ МҮДДЕЛІ БОЛУҒА ТИІС

Жамбыл ЖТ бөлімшесінде күзгі комиссиялық тексерулердің қорытынды нәтижелері сөз болып, жетістіктер мен олқылықтар талқыланған жиын өтті. Басқосуда бөлімшенің тұтастай алғанда қысқы маусымға өзін екендігі анықталды. Дегенмен, кемшілік те жоқ емес.

Асхат РАЙҚҰЛ,
Жамбыл

Жиында белгілі болғандай, ғимараттарды, құрылыстарды, техникалық құрылғыларды күтіп ұстау мен пайдалану кезінде, сондай-ақ өндірістік процестердің технологиясын жүзеге асыруда бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол беру фактілері орын алған. Атап айтқанда, Сарышаған, Қияқты, Бұрылбайтал, Малдыбай, Боранды, Құмшағал станцияларының, Шоқпар вагон депосының, Жамбыл локомотив пайдалану депосының басшылықтары сеніп тапсырылған кәсіпорындарды күзгі тексеріске толық дайындығын ұйымдастыра алмаған.

ТЧЭ-31 мекемесінің қоршаған ортаны қорғау жағдайы алаңдатышылық тудырады. Биылғы ақпан айында Экология департаменті айыппұл салғанымен,

өндірістік жұмыстар кезінде қоршаған ортаның ластануына әлі де жол беріледі. Мекеменің бас инженері бұл мәселені шешуде қауқарсыздық танытқан. Вагон пайдалану депосында шаруашылықты жоғары деңгейде ұйымдастыруға жеткілікті түрде материал бөлінбейтін көрінеді. Депоға бағынысты цехтардың жұмысы жүйелі назарға алынбайды. Сондықтан күзгі тексеріске өзіндік кезінде депо басшылығы Шоқпар, Талас, Бөген секілді шалғайдағы өнеркәсіптік аумақтарды қамтымаған.

Осы уақытқа дейін кейбір құрылымдық мекемелерде қазандық қондырғысын пайдалану мәселесі шешілмесе, Сарышаған, Қияқты, Бұрылбайтал, Малдыбай, Боранды, Құмшағал, Шоқпар станцияларының басшылары қозғалыс қауіпсіздігі бойынша өз міндеттерін сапалы орындамапты. Айталық, станция жетекшілерінің тәуліктік хаттамалары бірінен екін-

шісіне көшірілгені мәлім болса, олардың ішінде ойдан шығарылған мәселелер де қарастырылады. Қозғалыс қауіпсіздігінің талдауы нашар жасалған.

Ал өнеркәсіптік қауіпсіздік нормалары мен ережелерін сақтау бойынша жұмыстар жеткіліксіз жауапкершілікпен жүзеге асырылған. Жиындар тек ресми түрде өткізіледі, бағыныштылар арасында еңбекті қорғау мәселелерінің маңыздылығын түсіну деңгейі төмен.

Ал ТЧЭ-30 мекемесі мен Аңырақай, Алайғыр, Весна, Аспара, Луговая, Жаңатас, Бурыл, Абаил, Шөдала станцияларының күзгі тексеріске жақсы дайындалғанын атап өткен жөн.

Басқосу соңында бөлімше директоры Үмітбек Рысбеков орын алған кемшіліктерді жедел жоюды тапсырып, жүйелі жұмыс атқарудың маңыздылығын атап өтті. «Біздің мамандығымыздың жауапкершілігі зор. Сан саладан тұратын теміржол шаруашылығын жақсартуға басшылықтан бастап қарапайым жолшыға дейін, әрбір теміржолшы мүдделі болуға тиіс. Осы орайда барлық құрылымдық мекемелердің жетекшілеріне сеніп тапсырылған істі барынша жоғары деңгейде атқаруды, қауіпсіздік пен өнімділікті арттыруға жұмыс істеуді міндеттеймін», – деді ол.

ТАСЫМАЛ

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша биылғы күз айлары, әсіресе қозғалыс шаруашылығы қызметкерлері үшін мейлінше күрделі өтуде. Оның өзіндік себебі бар. Карантиндік шектеулердің жеңілдеуіне орай жүк тиеу мен тасымалының артуы, оның сыртында көмір жеткізу бойынша тапсырысқа сай өзге бөлімшелерден жиналатын вагондар санының көптігі, күрделі және күшейтілген орташа жөндеулерге байланысты желі бойындағы толаскездер осыған ықпал етіп отыр.

ЖҮК АЙНАЛЫМЫ ЖОҒАРЫЛАДЫ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей

Ағымдағы жылы бөлімше бойынша әсіресе қозғалыс шаруашылығында ілкімді жұмыстар жүргізілді. Бірінші кезекте жоспар бойынша қолға алынған шара жүк айналымын арттыру мақсатында вагондардың бос уақытын қысқарту және локомотивтерді ұтымды пайдалануды қалыптастыру болды. Осы себепті әсіресе ірі тораптық станциялардағы маневрлік жұмыстар, жүк пойыздарын құрастыруға баса мән берілді. Осылайша биылғы жылдың 10-шы қазаны бойынша жүк айналымы 111,8 пайызды көрсетті. Сол тәрізді Дегелең, Жаңғызтөбе, Жана-Семей станцияларындағы техникалық процестердің есебінен жүк тиеу көрсеткіші де айтарлықтай жоғарылап отыр. Аталмыш шаралардың аясында контейнерлік пойыздарды кедергісіз өткізіп жіберудің де үлесі жоғары.

Ал, жылжымалы құрамдарды жасақтап, жылдам аттандыруда маңызды орын алатын жергілікті вагон айналымы 105,3 пайызды құрады. Мұның барлығы өткен жылдың есепті мерзімімен салыстырғанда анағұрлым жоғары көрсеткіш саналады. Аталмыш шара аясында диспет-



черлер, әсіресе, көршілес бөлімшелерге жіберілетін вагондар бойынша тиімді жұмыс жүргізді. Сол тәрізді Ауыл, Дегелең, Жузағаш, Таңсық, т.б. тәрізді аралық станцияларда тастанды пойыздардың қалыптасуына мүмкіндігінше жол берілген жоқ.

Алайда, жалпы көрсеткіш бойынша өткен 9 айдағы ахуалға тоқталар болсақ, вагон шаруашылығындағы жұмыс барысын әлі де ширату қажет. Бұл орайда бөлімшедегі өндірістік-техникалық бөлім мамандары осыған дейінгі көрсеткіштерді сараптай отырып шешімді тұжырым жасауда.

Қозғалыс шаруашылығында маңызды рөл бар телімдік жылдамдық та 100,2 пайызға артып отыр. Бұл бағыттағы шаралар өз кезегінде локомотивтердің тәуліктік өнімділігінің артуына да оң ықпал еткен. Әйтсе де, техникалық жылдамдық 0,23 км/сағ. төмендетілген. Оған өндірістік жөндеулер бойынша жүргізілген толаскездер мен кейбір телімдер бойынша ескертуге орай жылдамдықты шектеу себеп болыпты.

Бүгінгі таңда семейлік теміржолшылар жыл аяғына дейінгі орындалуы тиіс межелі шараларды қабылдап, жүзеге асыруға қызу кірісуде. Атап айтсақ, эксплуатациялық жұмыстар бойынша толық орындалмаған көрсеткіштер мен іс жүргізу қажеттілігі туындап отыр. Аталмыш тарапта кешенді жұмыс жүргізу керек.

Бір бұл емес, алдағы уақыттарда күш салу қажет мәселелер жетерлік. Мәселен, телімдік жылдамдық пен техникалық жылдамдықты әлі де арттыра түсу, пойыздардың жол жүру жылдамдығына мүмкіндігінше шектеу қоймау шаралары межеленіп отыр.

«Карантиндік шектеулер жұмыс барысын ширатуға біршама кедергі болғаны рас. Сол себептен жылдың соңына дейін бөлімшедегі қозғалыс шаруашылығы бойынша жоспарланған бірқатар тапсырмаларды жүзеге асыру міндеті тұр», – дейді бұл орайда Семей ЖТ бөлімшесінің жауапты мамандары.

Суретті түсірген автор

ОҢТАЙЛАНДЫРУ

«KTZ HSE» НҮСҚАСЫНА 2209 АДАМ ТІРКЕЛГЕН

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде қосалқы-көмекші қызметінен табыс жоспар бойынша биыл 68 млн 451 мың теңге көзделген екен. Ал іс жүзінде 115 млн 860 мың теңгені құрап, 47 млн 409 мың теңгеге артығымен орындалған.

Жан ПЕРДЕБЕК,
Шымкент

Осы орайда, Шымкент жүк тасымалы алдағы уақытта орындалуы тиіс мақсаттарын айқындап алды. Атап айтқанда, (ТОР) жоспар бойынша 62 млн 696 мың теңге, орындалғаны 90 млн 545 мың теңге. Бұған ағымдағы ағытталы жөндеу көлемінің 1070 вагонға дейін ұлғаюы себеп болған (жоспар бойынша 2094 вагонның орнына 3164 вагон).

Тауарлық кассирлер мен жүк қабылдаушылардың қызмет көрсетуі және «КАС-бетон» ЖШС бағажының есебінен кіріс сомасы 4 млн 495 мың теңгеге көбейген.

Ғимараттарды жалға беру – 4 млн 66 мың теңге жоспарланғанымен 4 млн 866 мың теңге, яғни 800 мың теңгеге артығымен орындалды. Бұған қосымша бекітілген келісімшарттар арқылы қол жеткізілген. Сондай-ақ өткен жылмен салыстырғанда табыс 4 млн 380 мың теңге болған. Бұған 622 вагонның азаюы себеп болыпты. 2019 жылы 3786 вагон болған.

Еңбек шарты бойынша жоспарға келсек, Шымкент жүк тасымалы берген мәлімет бойынша 3417 бірлік бекітілген. Штатта 27 адам артығымен алынған. 2020 жылдың 1 ақпанынан бастап штаттық кестеге сәйкес 3514 бірлік болуы тиіс.

«ҚТЖ-Жүк тасымалы» АҚ қызмет тиімділігін жоғарылату іс-шараларына сәйкес кейбір лауазымдар оңтайландырылып, шаруашылық цех, қызметтік ғимараттың тазаласушылары, жүргізуші, күзетші, локомотив бригадасының кезекші демалыс үйі, арнайы кімді жөндеушілер мен жуушылар,



т.б. аутсорсингке ауыстырылды. Яғни жоғарыда аталған лауазымдар осы жылдың 1 шілдесінен бастап аутсорсингке ауыстырылған. Сол себепті штаттық лауазымдар сақталып қалып, бірақ еңбек бойынша жоспарға алынбаған. Сонымен, 2019 жылға қарағанда штат саны 95 бірлікке азайды. Ал еңбек өнімділігі 108% орындалды. Өнімділіктің артуына тауар айналымының 368,6 млн ткм неттоға жетуі әсер еткен.

Теміржолшылар Шымкент қаласындағы көліктік-логистикалық орталықтың өкіддерімен бірлесіп, вагон айналымын көбейту үшін жүк артушылар және жүк алушылармен жиын өткізгені де тиімділігін байқатқан. Жарты жылда вагон айналымы 758 вагонды құрап, барлық қоймалар 100% толы болған.

Сонымен қатар, Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі бойынша «Қауіпсіздіктің іс-әрекет диалогы» мобильді қосымшасы енгізілуде. Мұндағы мақсат – барлық басшылар мен мамандар қозғалыс пен еңбек қорғау қауіпсіздігінің бұзылмауына бақылау жасай алу. Қазіргі таңда мобильді телефон арқылы «KTZ HSE» автоматтандырылған өндірістік қауіпсіздік жүйесі нұсқасына 2209 адам тіркелген.

Суретті түсірген автор

БЕЗОПАСНОСТЬ

ПОД ЗАЩИТОЙ СМАРТФОНА

(Окончание. Начало на 1 стр.)
 – Главное, что приложение работает прозрачно, полностью исключено вмешательство человека или компании, уведомление приходит на телефон мгновенно, а это позволяет экономить самый ценный корпоративный ресурс – время. Все это способствует не только предотвращению несчастного случая на производстве, но и повышению информированности о рисках. Кроме того, применение цифрового приложения выгодно с точки зрения использования бумажных ресурсов. Уже сейчас можно с полной ответственностью утверждать, что сэкономлено более 16 тысяч листов бумаги формата А4, что также соответствует ожиданиям компании в сфере устойчивого развития и охраны окружающей среды. Так, более 120 тысяч работников в вопросах безопасности труда переходят на безбумажную технологию, а это значит, что каждый год они сажают 1 200 виртуальных деревьев, – подчеркивает директор департамента производственной безопасности и экологии АО «НК «ҚТЖ» Асхат Сариев.
 Еще в 2017 году АО «НК «ҚТЖ» в рамках Программы трансформации бизнеса начался переход на новую модель управления производственной безопасностью. Мобильное

приложение «Поведенческий диалог безопасности» является дополнением к существующим видам контроля безопасности.
 Методика внедряется поэтапно. Так, с 30 марта текущего года первыми к модулю подключились сотрудники центрального аппарата ҚТЖ, а со второй половины мая идет подключение к автоматизированной

зированную систему. При этом по каждому факту проводится проверка. Все нарушения устранены и больше не повторяются. Раньше мы все это записывали, не было возможности прикрепить фото или видеоматериалы, а сейчас без бумажной волокиты это занимает буквально пару минут. К тому же за такую активность компания нас очень хорошо поощряет. Например,

ИСПОЛЬЗОВАНИЕ ПРАВА НА ПРЕКРАЩЕНИЕ НЕБЕЗОПАСНЫХ РАБОТ НИ ДЛЯ КОГО НЕ БУДЕТ ИМЕТЬ ОТРИЦАТЕЛЬНЫХ ПОСЛЕДСТВИЙ. Я ЗАВЕРЯЮ ВАС В ЭТОМ!

Председатель правления АО «НК «ҚТЖ» Сауат МЫНБАЕВ

системе всех работников компании. Сейчас вся информация с мобильных приложений передается в департаменты производственной безопасности, которые есть во всех филиалах и подразделениях ҚТЖ.
 – У каждого работника есть право не выполнять задания, которые не отвечают правилам безопасности или связаны с риском травматизма. Или можно, если видишь, что кто-то неправильно выполняет работу, остановить и зафиксировать. К примеру, я зафиксировал нарушения по технике безопасности и передал в автомати-

я получил вознаграждение более 360 тысяч тенге. Это очень мотивирует, – говорит ведущий инженер по охране труда и технике безопасности ШЧ-36 Жамбыл Асет Асранкулов.
 Кроме того, в компании активно начали готовить внутренних тренеров, которые, в свою очередь, до конца следующего года обучат основам безопасного труда каждого работника ҚТЖ.
 – Около 300 внутренних тренеров и лидеров изменений распространяют данную программу по всей линии и ежедневно проводят обучение. На

сегодняшний день прошли обучение по ПДБ более 83 тысяч работников, в том числе более 45 тысяч – в онлайн-режиме. Обученный персонал регистрирует потенциально опасные ситуации. Уже более 8 000 случаев зарегистрировано, и сразу приняты меры реагирования для исключения дальнейших рисков, – рассказывает главный менеджер департамента производственной безопасности и экологии АО «НК «ҚТЖ» Алтынай Жатканбаева.

При этом тех, кто проявляет внимательность и бдительность, предотвращая риски, компания награждает.

– В июле этого года я получил премию – более 360 тысяч тенге за то, что на смартфон заснял действие, когда сотрудник производил работы на высоте на светофоре без специального пояса для безопасности, этим прервав опасное действие. Казалось бы, мелочь, но это может стоить жизни и здоровья. Больше таких нарушений на нашем участке нет, – говорит электромонтер СЦБ ШЧ-33 НЖС-7 Алматы Аскар Мырзахметов.

По словам специалистов, наиболее часто регистрируются нарушения по таким видам работ, как содержание и ремонт пути и сооружений, обслуживание и ремонт электроустройств, эксплуатация и обслуживание локомотива, обслуживание и ремонт подвижного состава, работа на высоте и другим.

ИТОГИ

ВЛИЯНИЕ ПАНДЕМИИ

Объем перевозок железнодорожным транспортом в Казахстане за 9 месяцев с начала года достиг 302 405,76 тысячи тонн. В целом перевозка грузов всеми видами транспорта за этот период сократилась на 7,4% по сравнению с 2019-м.

Роман ЛЮБИМОВ

Стоит отметить, что железная дорога, несмотря на пандемию, позиций не сдает. Значительный спад наблюдается в авиаперевозках. Этим видом транспорта перевезено лишь 15,48 тысячи тонн грузов, сообщили в Союзе транспортников Казахстана «KAZLOGISTICS».

Уменьшился на 4% по отношению к аналогичному периоду 2019 года и общий грузооборот. При этом в железнодорожном транспорте этот показатель достиг 220 058,15 миллиона тонно-километров. Для сравнения, в авиатранспорте он составил 39 миллионов тонно-километров.

Из-за ограничительных мер наблюдается снижение пассажирооборота. За девять месяцев всеми видами транспорта перевезено на 58,5% меньше пассажиров, чем за аналогичный период прошлого года. Пассажирооборот уменьшился на 58,5% в сравнении с соответствующим периодом 2019 года.



По железной дороге с начала года перевезено 7 415,25 тысячи человек, а пассажирооборот составил 6 376,2 миллиона пассажиро-километров.

КОМИССИОННЫЙ ОСМОТР

ПРИНЦИПИАЛЬНАЯ ОЦЕНКА

В Алматинских отделениях грузовых перевозок и магистральной сети подвели итоги осеннего комиссионного осмотра. В течение 20 дней руководители отделения грузовых перевозок, магистральной сети, предприятий проделали немалый путь на автомотрисах, проверив все подразделения и участки региона, оценили положение дел, работу станций, разъездов и структурных подразделений.



Елена КОЛДАСБАЕВА, Алматы

Главная цель работы комиссии по проведению ОКО в регионе – проверка технологической готовности магистрали к зиме. По каждому участку, предприятию составлен перечень замечаний и недостатков, которые необходимо устранить. Не ускользнуло от внимания и своевременная подготовка специалистов и перевозчиков, средств снегоборьбы и выполнение ремонтных работ.
 Во время осмотра по Алматинскому отделению ГП проверено 103 отдельных пункта, выявлено 1 227 замечаний.
 Проведенная проверка показала, что руководители станций отделения ГП не в полном объеме выполняют нормативы личного участия в обеспечении безопасности движения поездов. Уровень технических знаний работников тоже оставляет желать лучшего. Это свидетельствует об отсутствии должного подхода к вопросам технического обучения со стороны руководства станций.
 – Особое внимание в ходе осмотра уделено техническому состоянию локомотивов, их готовности к работе в зимний период, – отметил во время итогового совещания директор Алматинского отделения грузовых перевозок Нурым Жаниязов.
 Он отметил важность слаженной и организованной работы всех служб. В ходе совещания говорилось о повышении ответственности командно-инструкторского состава и локомотивных бригад. Первым руководителям необходимо на должном уровне обеспечить выполнение нормативов личного участия в обеспечении безопасности движения, повышении уровня контроля со стороны командно-инструкторско-

го состава за работой локомотивных бригад в пути следования, при производстве поездной и маневровой работы.
 В вагонном хозяйстве по выявленным отступлениям нужно проводить профилактические работы, принимать корректирующие и предупреждающие меры для исключения повторения. Организовывать работу по своевременному обеспечению необходимыми запасными частями и материалами пунктов технического обслуживания и контрольных постов.
 На совещании прозвучало, что в ходе осеннего комиссионного осмотра в хозяйстве пути и сооружений выявлено 1 603 замечания, приняты 164 запретные меры. Анализ выявленных нарушений ОКО показал, что со стороны руководителей Актогайской, Алматинской, Бескельской и Алтынкельской дистанций пути упущен контроль над текущим содержанием пути и стрелочных переводов, некачественно проводятся натурные осмотры пути, при проверках не выявляются грубые отступления в техническом содержании пути и стрелочных переводов. Также отсутствует планирование планово-предупредительных работ, направленных на предупреждение появления неисправностей пути и продление сроков службы элементов верхнего строения пути.
 Критика прозвучала и в адрес хозяйства сигнализации и связи, где в ходе осмотра выявлено 421 замечание, принято 18 запретных мер. Не на должном уровне организована работа в части обеспечения бесперебойного функционирования устройств СЦБ и связи. Так, на участке Алматы-1 – Отар выявлены недостатки, влияющие на нормальную работу стрелочных переводов с электроприводами Р-80 Альстом. Неудовлетворительное содержание таких стрелочных переводов связано

с тем, что работниками ШЧ и ПЧ не соблюдаются требования технологической карты 20А, нарушена технология установки электроприводов, отсутствуют запасные части для замены.
 В хозяйстве электроснабжения выявлены 154 замечания (ЭЧ-17 Шелек – 24, ЭЧ-19 Алматы – 52, ЭЧ-20 Уштобе – 78).
 Анализ выявленных нарушений показал, что в хозяйстве не проведена работа по подготовке к работе в зимний период устройств электроснабжения на участках Алматы – Отар, Саяк – Актогай – Кокутума, Жетыген – Шарын. Особенно на участке Саяк – Актогай допущены грубые нарушения в устройствах наружного освещения, которые являются результатом невыполнения планово-предупредительных работ. На участке Отар – Алматы-2 выявлены нарушения в содержании устройств контактной сети.
 Стоит отметить, что ежегодно в зимний период на данном участке допускаются нарушения безопасности движения из-за несоответствия параметров контактной сети.
 Главный региональный ревизор Мейрамбек Серикбаев заострил внимание на отсутствии контроля руководителей и плана корректирующих мероприятий, слабо поставленной работе по предупреждению случаев наезда на людей и скот.
 Вместе с тем, есть и положительные моменты. Так, отмечена хорошая подготовка к осеннему комиссионному осмотру станции Отар.
 – Осенняя ревизия в регионе направлена на выявление «узких» мест в содержании объектов инфраструктуры и обеспечении бесперебойной работы железной дороги, и совещание станет хорошим стимулом для исправления всех недочетов, – подчеркнул в завершение Нурым Жаниязов.
 Фото автора

ПОДГОТОВКА К ЗИМЕ

ХОЛОДА НЕ СТРАШНЫ

Вагонники пункта технического обслуживания (ПТО) станции Жанаарка Карагандинского региона рапортовали о готовности к работе в зимний период.

Светлана МОГАЙ, Караганда

Не за горами холода, и работниками Карагандинского эксплуатационного вагонного депо проведена масштабная работа по подготовке хозяйства к зиме.
 На днях начальник депо Айкен Сейтов и заместитель начальника Еркебулан Назирбеков провели осмотр объектов пункта технического обслуживания вагонов на станции Жанаарка.
 – При проверке особое внимание было уделено котельной и котельному оборудованию. В здании котельной проведен текущий ремонт, приведены в порядок циркуляционные насосы, проверены



котлы, место для хранения угля и шлака, – сообщил начальник ПТО Жанаарка Талгат Жарылгапов.
 Кроме того, на территории ПТО осуществлены работы по благоустройству, в частности, заасфальтирована площадка. Также обновлен учебный полигон, отремонтирована система отопления и проведен текущий ремонт помещений.
 Фото автора



ВОКЗАЛЫ ОБНОВЛЯЮТСЯ

На железнодорожных вокзалах Костанайского региона завершены ремонтные работы и подготовка к зиме.

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай

Все лето на вокзалах региона проводилась подготовка к отопительному сезону. Строительно-ремонтные работы ведутся силами сотрудников вокзалов и ремонтно-строительной бригады.
 – Утеплены административные и служебные помещения, проверяются отопительные, вентиляционные системы, а также система водоснабжения, – сообщил начальник отдела по организации технологического процесса и сервиса вокзалов филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» Толеген Саматов.
 – Работы ведутся строго с соблюдением санитарно-эпидемиологических норм. Все работники вокзалов обеспечены спецодеждой и средствами индивидуальной защиты.

Кроме того, активная работа ведется по созданию условий для маломобильных групп населения. На всех 10 основных крупных вокзалах Костанайского отделения магистральной сети – Костанай, Железнодорожный, Тобол, Лисаковский, Аманкарагай, Кушмурун, Койбагор, Есиль, Державинская, Аркалык – имеются инвалидные коляски, приводятся в соответствие пандусы, переоборудуются билетные кассы и т.д.
 – Также следует отметить, что в целом в границах Костанайского региона находится 29 железнодорожных вокзалов, и в летний период все они проходят подготовку к отопительному сезону, ведутся строительно-ремонтные работы силами сотрудников вокзалов и ремонтно-строительной бригады, – отмечает Толеген Саматов.
 Фото автора

ПРОФСОЮЗ

ВНИМАНИЕ КАЖДОМУ

На минувшей неделе руководство Павлодарского филиала ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» приняло участие в личной встрече с главой региона.

Айдана ЕРТАЙ, Павлодар

Аким Павлодарской области Абылхайр Скаков посетил профсоюзный центр Павлодарской области, где встретился с руководителями филиалов отраслевых, локальных и первичных профсоюзных организаций региона, в ходе которого поздравил их и работников с профессиональным праздником и обсудил проблемные вопросы.
 Кроме того, он ознакомился с работой недавно открытого примирительного центра «Татуласу орталығы». Его руководитель Динара Айтжанова сообщила, что в этом году с помощью медиации разрешено 287 трудовых споров.
 – Работнику необязательно идти в суд, составляя исковое заявление, платить госпошлину. Он может об-



судить все свои проблемы с нашими юристами. К тому же мы помогаем всем, вне зависимости от их профсоюзной принадлежности, так как представляем всех 399 тысяч работников области, – сообщила Динара Айтжанова.
 В свою очередь, председатель Пав-

лодарского филиала ОО «Казахстанский отраслевой профессиональный союз работников железнодорожного, автомобильного, воздушного и водного транспорта» Рафаил Сабаров отметил, что проблем, которые требуют своего решения, очень много.
 – Сейчас мы планируем заняться

вопросом по упрощению процедуры приема на вакантную должность. Для того чтобы железнодорожнику перевестись на другую работу по филиалу, ему нужно ждать месяц. У нас большая текучесть кадров. Кроме того, волнует размер заработной платы в регионах, из-за которой наблюдается дефицит специалистов. К примеру, на станции Аксу железнодорожники – дежурный по станции и составители поездов – вынуждены трудиться в три смены, – поделился Рафаил Рашидович. – Будем заниматься этими вопросами. Сегодня нет проблем по обеспечению спецодеждой, все подразделения на сто процентов готовы к зимнему периоду.
 Он подчеркнул, что это впервые, когда аким области лично проводит встречу, до этого профсоюзные лидеры встречались только с заместителями.
 – Каждый трудящийся чувствует опору в вашем лице. Более 130 тысяч рабочих состоят в профсоюзном движении. Это большая сила. Хочу подчеркнуть, что миссия быть на страже прав и законных интересов выполняется с честью и на качественном уровне, но, тем не менее, есть еще поле для работы, – резюмировал Абылхайр Скаков.
 Фото автора

«Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ – «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» филиалы Қызылорда сигнализация және байланыс дистанциясының басшылығы, кәсіподақ комитеті мен еңбек ұжымы Қызылорда сигнализация және байланыс дистанциясының бастығы Қосанов Әкімжан Сағидрахманұлының аясы
 Қосанова Ақмұнай Нағашыбайқызының қайтыс болуына байланысты марқұмның отбасы мен туыстарына қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

